

Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы аудан әкімдігінің 2022 жылғы 28 ақпандағы № 51 "Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы аудан бойынша коммуналдық көрсетілетін қызметтер ұсыну қағидаларын бекіту туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 18 қарашадағы № 297 қаулысы

Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы аудан әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы аудан әкімдігінің 2022 жылғы 28 ақпандағы № 51 "Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы аудан бойынша коммуналдық көрсетілетін қызметтер ұсыну қағидаларын бекіту туралы" қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы аудан бойынша коммуналдық көрсетілетін қызметтер ұсыну қағидаларының 2-тармағының 9) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"9) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкі – дара (бөлек) меншіктегі пәтерлерден, тұрғын емес үй-жайлардан, орынтұрақ орындарынан, қоймалардан және ұялы байланыс операторларының меншігі болып табылатын телекоммуникациялық жабдықтан басқа, кондоминиум объектісінің бөліктері (қасбеттер, кіреберістер, вестибюльдер, холдар, дәліздер, баспалдақ марштары мен баспалдақ алаңдары, шатырлар, шатырастылар, техникалық қабаттар, жертөлелер, үйге ортақ инженерлік жүйелер мен жабдықтар, абоненттік пошта жәшіктері, көппәтерлі тұрғын үй тұрған жер учаскесі және (немесе) үй жанындағы жер учаскесі, абаттандыру элементтері және ортақ пайдаланылатын басқа да мүлік);".

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Ғабит Мүсірепов атындағы аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның әкімі

Р. Аңбаев